



Бекітемін  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық кітапханасының  
директоры  
Ә.А. Асқар  
2016 ж.

## «Оқырманы озық өлке» республикалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Оқырманы озық өлке» республикалық байқауын (әрі қарай - Байқау) өткізу мақсат-міндеттерін айқындайды.
2. Байқау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жүйесіндегі облыс кітапханалары арасында жыл сайын өткізілетін болады.
3. Байқау өткізудің бастамашысы және ұйымдастырушысы «Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы» РММ болып табылады.

### 2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Қазақстан Республикасының кітапты ең көп оқитын өлкесін анықтау.

Міндеттері:

- Кітапханаларда кітап оқуды ілгерілету, кітап оқу мәртебесін көтеру, жалпы әдебиетті насихаттау;
- Республика жұртшылығын отаншылдық, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыра отырып, кітапханаларға тарту;
- Оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және қолдау;
- Облыс кітапханаларының әлеуметтік мәртебесін көтеру, олардың тұрғындарға білім беретін және мәдени-ағартушылық қызмет көрсететін орталық ретіндегі белсенділіктерін арттыру;
- Баспалардың қазақстандық авторлар шығармаларын басып шығаруға деген қызығушылығын арттыру.

### 3. Оқырманы озық өлкені бағалау шарттары

4. Оқырманы озық өлкені бағалау шарттары ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жүйесіндегі облыстық кітапханалардың жыл қорытындысы бойынша статистикалық деректері негізінде жүзеге асырылады:

- Халықтың саны және кітаппен қамтылуы;
  - Кітапханалар және ағымдағы жылы кітапханаларға тіркелген оқырмандар саны (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер, мүмкіндігі шектеулі азаматтар және ересек оқырмандар);
  - Кітап берілімі және оқырмандардың келім саны;
  - Өлке тұрғындарының қатысуымен өткізілген жоғары маңызды көпшілік іс-шаралар саны (иллюстрациялы кітап көрмелері, оқырмандармен кездесулер т.б.).
  - Маңызды іс-шаралар сипатталған, дыбыстандырылған бейнесюжет (ұзақтығы 3-5 минут);
  - Power Point түріндегі презентация, дыбыстық және музыкалық сүйемелденген 100 слайдтан тұратын слайд-панорама (ұзақтығы 5-7 минут).
5. Байқау қорытындысын шығаруда оқу инфроқұрылымдары мен оқырмандардың статистикалық, сандық белсенділік сипаттарымен бірге өлкенің әдеби дәстүрінің байлығы, көркем әдебиет оқу белсендігі, халыққа кітап оқуды насихаттауға қатысты ерекше және қызықты шаралар ескеріледі.
6. Ұсынылатын материалдар және статистикалық мәліметтер жыл басында 15 қаңтардан кешіктірілмей, ҚР Ұлттық кітапханасына жолдануы тиіс.

#### **4. Байқауды қорытындылау**

7. Байқау нәтижесін есепті жыл қорытындысы мен жіберілген материалдар негізінде Қазылар алқасы шығарады. Оның құрамына:

- ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің өкілі,
- ҚР Ұлттық кітапханасының өкілі,
- ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының өкілі,
- ҚР Кітапханашылар ассоциациясының өкілі,
- Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының өкілі,
- Қазақстандағы жетекші баспалардың өкілі кіреді.

8. Байқау жеңімпаздарын марапаттау жыл сайын 1 ақпаннан кешіктірілмей өткізіледі.

Байқау жеңімпазы «**Оқырманы озық өлке**» Құрмет грамотасымен, байқаудың символикалық белгісімен және кітап жиынтықтарымен марапаталады.

Байқау нәтижелері ҚР Ұлттық кітапханасының сайтында және БАҚ-да жарияланады.

9. Барлық сұрақтар мен ұсыныстар бойынша төмендегі мекен-жайға хабарласуға болады:

Алматы қаласы, Абай даңғылы, 14.

ҚР Ұлттық кітапханасы, Ғылыми-әдістемелік қызметі.

Тел.: 8 (727) 267-28-72; 267-28-73.

E-mail: metod\_nlrk@mail.ru.